

"Қара және тұсті металдар сынығы мен қалдықтарын тасымалдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 224 бүйрүгіна өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 520 бүйрүгі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29768 болып тіркелді

БҮЙЙРАМЫН:

1. "Қара және тұсті металдар сынығы мен қалдықтарын тасымалдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 224 бүйрүгіна (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27693 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағынан көліктің барлық түрлерімен: Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодтары (бұдан әрі – ЕАЭО СЭК ТН кодтары) 7404 00 – мыс қалдықтары мен сынықтарын, 7602 00 – алюминий қалдықтары мен сынықтарын, 7802 00 000 0 – қорғасынның қалдықтары мен сынықтарын, 8549 11 000 0 – қорғасын аккумуляторлардың, істен шыққан қорғасын аккумуляторлардың қалдықтары мен сынықтарын, 8549 12 000 0 – құрамында қорғасыны, кадмийі немесе сынабы бар өзгелерін, 8549 13 000 0 – химиялық типі бойынша сұрыпталғандарды және құрамында қорғасыны, кадмийі немесе сынабы жоқтарды, 8549 14 000 0 - сұрыпталмағандарды және құрамында қорғасыны, кадмийі немесе сынабы жоқтарды, 8549 19 000 0 - өзгелерін әкетуге алты ай мерзімге;

Қазақстан Республикасының аумағынан автомобиль және теңіз көлігінің түрімен: ЕАЭО СЭК ТН кодтары 7204 21 100 0 – қоспалы болаттың, құрамында 8 мас.% немесе одан көп никель бар коррозияға төзімді болаттың қалдықтары мен сынықтарын, 7204 21 900 0 - өзгелерін, 7204 29 000 0 – өзгелерін қоспағанда, ЕАЭО СЭК ТН коды 7204 – қара металдардың қалдықтары мен сынықтарын, қайта балқытуға арналған қара металдардың құймаларын (шихта құймаларын) әкетуге алты ай мерзімге;

Қазақстан Республикасының аумағына жөндеу үшін әкелінетін және кері әкетілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан жөндеу үшін әкетілетін және кері автомобиль көлігімен әкелінетін жылжымалы құрамының бұрын пайдаланылған элементтерін: ЕАЭО СЭК ТН кодтары 8607 19 100 1 – бұрын пайдалануда болғандарды

, 8607 19 100 9 - өзгелерін, 8607 19 900 9 - өзгелерін, 8607 21 100 9 - өзгелерін, 8607 21 900 9 - өзгелерін, 8607 30 000 0 – ілмектерді және өзге шыңжыр құрылғыларын, буферлерді, олардың бөліктерін, өзгелерін, 8607 99 800 0 - өзгелерін, 8607 29 000 0 - өзгелерін, 8607 12 000 – өзге де арбаларды қоспағанда, бұрын қолданыста болған құбырларды, рельстерді, теміржол төсемі мен жылжымалы құрамның элементтерін: ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары – 7302 – теміржол немесе трамвай жолдары үшін пайдаланылатын қара металдардан жасалған бұйымдарды, рельстерді, қарсы рельстерді және тісті рельстерді, ауыспалы рельстерді, түйік қылыш айқаспаларды, ауыспалы штангаларды және өзге көлденең қосылыстарды, шпалдарды, түйіспе жапсырмалар мен төсемдерді, сыналарды, тірек тақталарын, ілгекті рельс бұрандаларын, төсемдер мен созғыштарды, тұғырларды, көлденең жақтаулар мен рельстерді қосуға немесе бекітуге арналған өзге де бөлшектерді, 7303 00 – шойынды құймадан жасалған құбырларды, тұтіктерді және қуыс профильдерді, 7304 – жіксіз, қара металдардан жасалған құбырларды, тұтіктерді және қуыс профильдерді (шойынды құймадан басқа), мұнай немесе газ құбырлары үшін құбырларды, 7305 - дөңгелек қималы, сыртқы диаметрі 406,4 мм-ден артық, қара металдардан жасалған құбырларды және өзге де тұтіктерді (мысалы, дәнекерленген, шегеленген немесе ұқсас тәсілмен біріктірілген), мұнай немесе газ құбырлары үшін құбырларды, 7306 - қара металдардан жасалған өзге де құбырларды, тұтіктерді және қуыс профильдерді (мысалы, жігі ашық немесе дәнекерленген, шегеленген немесе ұқсас тәсілмен біріктірілген), мұнай немесе газ құбырлары үшін құбырларды, 8607 – теміржол локомотивтерінің немесе трамвайдың моторлы вагондарының немесе жылжымалы құрамның бөліктерін, арбаларды, осытерді және доңғалақтарды және олардың бөліктерін Қазақстан Республикасының аумағынан автомобиль және теңіз көлігінің түрімен әкетуге алты ай мерзімге тыйым салу енгізілсін".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тыйым салуды енгізу туралы Еуразиялық экономикалық комиссияға хабардар етуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК